

Туған өлкеге мың тағзым

Күні кеше ғана облыстық мәслихат депутаты Мағауия Тұрысбеков туған жеріне қамқорлығын білдіріп, ауданға 5 дана жаңа «Беларус 801» маркалы тракторларын тарту етті. Бұл техникалар көше тазалығымен коммуналдық қызметтердің сапасын арттырудағы маңыздылығымен ерекшеленіп отыр. Тракторлар арнайы қоқыс тасымалдауға арналған жетек, көше сыпыру және қар тазалауға қажетті жабдықтармен толықтырылған.

Ауданға жеткізілген жаңа техникаларды аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков қарсы алып, қуанышты сәтпен бөлісті. - Бүгін біз ерекше сәтті күсі болып отырмыз. Өйткені, ауданымызға қосылған жаңа техникалар – бұл тек материалдық көмек емес, ауылдың тазалығын қамтамасыз ету үшін өте маңызды бастама және ауданымыздың көркеюіне қосылған зор үлес екені анық,- деген аудан басшысы



еңбегі, облыстың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуына қосқан елеулі үлесі үшін қазіргі Түркістандық облыстық мәслихатының грамотасымен марапатталды.

Бұл тек мысал ретінде келтіріп отырғандарымыз, асылында туған халқы үшін әлі талай еңбек ете беретінін нық сеніммен айта аламыз. Мағауия ініміз «Оң қолың бергенді сол қолың білмесін» деген тәмсілді берік ұстанып келеді. Жасаған қайырымдылық істер туралы айта бермейді. Бірақ кейде жастарды жақсылыққа тәрбиелеу мақсатында мұндай істерді де айтып, үлгі ету керек-ау деп ойлаймын.

Қазіргі жаһандану заманында елімізде де рухани жаңғыру кезеңі бастау алып жатыр. Халқымызға және келешегімізге пайдалы осындай игі істерді әлі де қолынан келгенше жүзеге асырып беретіні ақиқат.

«Отан отбасынан басталады» деген халқымыздың дана сөзі бар. Осы мақал талай жылдар іргелі шаруашы-

Игі істердің басында

жыл соңына дейін аудандағы техникалар мен коммуналдық қызметтердің тиімділігін арттыруға бағытталған жоспарларымен бөлісіп, тың бастамаларды жүзеге асырудың маңыздылығына тоқталды.

Шара аясында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, еңбек ардагері, ауданның Құрметті азаматы Бүркіт Арынбековтер жылы лебіздері мен алғыстарын білдірді.

Облыстық мәслихат депутаты Мағауия Тұрысбеков өз сөзінде: «Бұл бастама – тек аудан үшін ғана емес, бүкіл еліміздегі экологиялық тазалықты жақсартуға бағытталған үлкен жобаның бір бөлігі. Бұған дейін ауданда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық шарасы аясында сенбілік жұмыстарына атсалысып, тал егу жұмыстарын жүргіздік. Сол сәтте ауданымыздағы техникалық құралдардың жетіспеушілігі байқалды. Осы мәселені шешу үшін тазалыққа қажетті техникалар жеткізуді көздеп, бүгінгі күнге сол игі істің сәті түсті. Бұндай игі шаралар алдағы уақытта да жалғасын табары анық», – деп атап өтті.

Ауданның Құрметті азаматы, спорт ардагері Анарбай Шәдібеков те өзінің жүрекжарды тілегін білдіріп, облыстық мәслихат депутаты Мағауия Сексенбайұлының демеушілігімен жүзеге асырылған жұмыстарды жоғары бағалады. Ақсақал: –«Бұл шара аудан тұрғындары үшін үлкен мәртебеге ие. Осындай ірі жобалар тек ауданның ғана емес, жалпы қоғамның дамуына үлес қосатыны анық»,-деп ақ батасын берді.

Ауылдастың алғысы алты атанға артылар

Жалпы жалпақ жұртқа Мағауия Сексенбайұлын жақынырақ таныстырып өтсек артық болмас. Түркістан облысы мәслихатының VII шақырылымының депутаты, «KAZmed PROM» ЖШС-нің кеңесшісі, Түркістан облысы әкімінің «Облысқа сіңірген еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Елеулі еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл», Ардагерлерге көрсеткен қамқорлығы үшін «Алтын жүрек», «Қазақстан полициясына 25 жыл», «Қазақстан мәслихаттарына 20 жыл», «Астана 20 жыл» мерекелік медалдары мен «Құрмет» орденінің иегері-Мағауия Сексенбайұлы Тұрысбеков 1975 жылы 22-ші қыркүйек күні қазіргі Түркістан облысы, Созақ ауданына қарасты (Энгельс) Қарағұр ауылында дүниеге келді.

1981-1986 жылдары Шолаққорған ауылындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте білім алды. Кейін 1986 жылдан бастап Қаратау ауылындағы Панфилов атындағы орта мектепте оқып, 1992 жылы аталған мектепті бітірді.

Мектеп қабырғасын аяқтаған соң, 1992 жылы Х.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің тарих факультетіне қабылданып, 1997 жылы жоғары білім алып шықты. 2011 жылы аталмыш ЖОО-дағы «Құқықтану» факультетін бітіріп, заңгер мамандығы бойынша екінші жоғары білім игеріп шығады. Білім көкжиегін кеңейтуде мұнымен тоқтап қалғысы келмеді. Сондықтан да 2015 жылы Қарағанды экономикалық университетінің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры дәрежесін иеленеді. Ал жалпы үлкен өмірге қадам басқандағы еңбек жолы 1997 жылдан жеке кәсіпкерлікпен айналысудан басталып, 2000 жылдан 2007 жылға дейін «Сырым» ЖШС-нің директоры қызметін атқаруымен жалғасты. 2008 жылдан

лығы бірінші кезекте тұратыны анық. Осы орайда дәрі-дәрмек болсын, тіпті шығарып отырған медициналық қолғаптар болсын бәрінің шет елден келгеніне қарағанда, елімізді өндірілгені жақсы.

Бүгінгі күнге дейін компания талай белестерді бағындырып, талай марапаттарға ие болды. Алда жаңа жоспарлар, тың дүниелер жасау ойында бар. Ендігі кезекте, талмай еңбек ету басты міндет. Алла қаласа, алдағы уақытта әлі талай жетістіктерімен бөлісетін боламыз.

Азаматтың айтары бар

-Халық игілігі үшін еңбек етіп, кәсіпімді дөңгелетіп отырсам да, халық қалаулысы боламын деген ойымда болған емес. Алайда, бұл да бір Алланың қалауы болса керек. 2012-2016 жылдары аралығында Созақ ауданы мәслихатының 5-шақырылымының депутаты болдым. Бюджет және экономикалық тұрақты комиссияның төрағалық қызметін атқардым.



бері «Жаңа арна құрылыс» ЖШС-нің директоры қызметін атқарып келген. Бүгінгі таңда «KAZmed PROM» ЖШС-нің кеңесшісі.

«KAZmed PROM» ЖШС-нің еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі медициналық қолғаптар шығаратын алғашқы компаниялардың бірі болса да, жаңа экономикалық жағдайларға бейімделіп, 17 ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асырды. Бұл компанияны құрудағы Мағауияның басты мақсаты-халыққа пайдалы кәсіп бастау еді. Аллаға шүкір, қазір де компания тек алға басып келе жатыр. Бұл әрбір шығарылатын тауарлар халық сұранасына ие деген сөз. Себебі бұл өндіріс орны-Қазақстандағы медициналық қолғаптар шығаратын бірден-бір компания. Елдің даму жолында халық денсау-

2016 жылдың 20 наурызынан бастап қазіргі Түркістан облысы мәслихатының депутатымын. Бүгінгі күнге дейін депутаттық міндетімді абыройлы атқарып, халық сенімін ақтауға барымды салып келемін. Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында депутаттық сауалдар жолдап, сол мәселелердің шешілу жолында соңына дейін қадағалап келемін. Аллаға шүкір дейін, қазіргі уақытқа дейін еңбегім еш кеткен емес. Халықтың алғысын алып, батасын ие болу мен үшін үлкен мәртебе. Сонымен бірге, мемлекет тарапынан да жұмысымыз бағалануда,-дейді Мағауия Сексенбайұлы.

Расында 2015 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, 2016 жылы көп жылғы жемісті

лықтарды басқарған Сексенбай көкеміз бен бар ғұмырын ұстаздық жолға арнаған Ұрзада апамыздың ортақ отбасында да үлкен мәнге ие еді.

Мағауия бауырымыз «Созақ үні» газетімен тығыз байланыста, қарым-қатынас жасап келеді. 2018 жылы «Қарақұрлық ұстаздар» атты кітабыма шама-шарқынша қолдау жасап, баспадан шығуына мұрындық болды. Сонымен қатар, 2020 жылдың бірінші жартыжылдығын баспасөзге жазылу шарасына белсенді қатысып, 100 дана газетке көп балалы отбасылар мен мүгедек жандарға алты айға жазылуға көмек қолын созды. Алдағы уақытта да бұл үрдіс жалғасын таба береді деген ойдамыз. Ол осылайша өзі туып өскен Созақ ауданы үшін көптеген игі істердің бастамашысы бола білді.

Осындай тарихи ауданда, өрелі де өнегелі отбасында дүниеге келген ініміздің іргелі елдің дамуы мен өркендеуіне өлшеусіз өз үлесін қосып жүргенін ризалықпен мақтан тұтамыз.

-Бала күнімізден бізді өзіміз үшін емес, отан, ел үшін еңбек етуге тәрбиеледі. Ата-ана тәрбие беруде, ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәні зор. Сөз қадірін білетін заманда бір ауыз сөздің ішкі мағынасын жете түсініп, содан өзіне тәлім алған бабаларымыздың қасиетіне не жетсін. Сол жолмен тәлім-тәрбие бере білген әке-шешеме алғысым шексіз. Осындай ата-ананы сыйлау сәби шағында өзінді олар қалай бағып-қақса, қартайғанда оларды да солай алақанға салып алып, күту қандай ғанибет! Қазақта «Төріңнен қарт кетпесін» деген ұлағатты сөз бар. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген бөліне сүйеу болу- біздің ата дәстүріміз. Өзіңді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында адамның парыз-міндеті өлшеусіз. Қазақ ғұрпындағы ата-ананан алған ерекше қадір-қасиетке не жетсін! Ананың ақ сүтін, әкенің адал күшін ақтау-өз болашағыңды сақтау,-дейді кейіпкеріміз Мағауия Тұрысбеков.

Еліміз дамыған елдердің қатарына қосылар. Сол үшін де әрбіріміз «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», жұдырықтай жұмылып, ынтымақ пен бірлікте жұмыс істей білсек, әр салада маңдай теріміз тамшылай төгілсе, міне, еңбектің жанғаны, еліміздің дамуына үлесіміздің қосылғаны сол болмақ. Сондықтан еңбек ете білейік! Қазір еңбек етем деген адамға үкімет барлық жағдайды қарастырады. Сол мүмкіндікті қолымыздан жіберіп алмайық. Еліміз тыныш болсын! Болашағымыз ол-жастарымыз, ендеше, ұрпағымыз аман болсын!

Рухани құндылықтардың жаршысы, жанашыры бола білген жерлесімізге барша созақтық азаматтар атынан алғыс айтамыз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.